



010000, Астанақаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:  
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

26.07.2023 № 2-01-23-59704

29.06.2023 ДС-266

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына  
(тізім бойынша)

Жерді заңсыз беру туралы

**Құрметті депутаттар!**

Бас прокуратура өз құзыреті шегінде Алматы қаласы мен Алматы облысының тау бөктеріндегі аудандарда жерді заңсыз беруге қатысты депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлайды.

Өткен жылы прокуратура органдары елорданың, республикалық маңызы бар қалалардың және облыс орталықтарының нүктелі құрылысы бойынша тексерулер ұйымдастырды.

Прокурорлық тексерулер жергілікті атқарушы органдар мен бақылаушы органдар тарапынан қала құрылысы және жер қатынастары салаларында **тиісті бақылаудың жоқтығын** көрсетті.

Атап айтқанда, прокурорлар Алматы қаласында және қала маңындағы аймақтарда (Алматы облысының аумағы) Бас жоспарды бұза отырып, жер учаскелерінің нысаналы мақсатын заңсыз өзгертудің және егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын түзетудің **100-ден астам** фактісін анықтады.

Прокурорлардың наразылықтары бойынша таулы жерлердегі **120** учаскедегі (**250** га) заңсыз құрылыстың жолы кесілді.

Сондай-ақ «Медеу» табиғи паркінің аумағындағы учаскелерді үшінші тұлғалардың пайдасына иеліктен шығару жағдайлары анықталды (**45** га).

Осы бұзушылықтар бойынша Алматы қаласының прокуратурасы Медеу аудандық сотына жерге рұқсат беру құжаттарының күшін жою туралы **10** талап қою енгізді (қарауда).

Қадағалау шаралары бойынша жүргізілген егжей-тегжейлі түгендеу нәтижесінде таулы жерлерде (Жайлау ш/а) тұрғын үйлер салуға бөлінген ауданы **13** га жерді пайдалану құқығына мемлекеттік актілердің күші жойылды.

«Ерменсай» шағын ауданының аумағында (Іле-Алатау ұлттық табиғи паркімен шектеседі) ауданы **27** га жер учаскесі табылды (учаскені жеке меншікке берген кезде Жер кодексінің 65-бабының 1-тармағында көзделген сатып алу құны төленбеген).

2023 жылғы 25 мамырда Алматы қаласының прокуратурасы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотқа осы учаскені мемлекетке қайтару туралы талап қою енгізді (қаралуда).

Осы ауданның қалған жерлері бойынша тексеру іс-шаралары жалғасуда.

Іле-Алатау ұлттық табиғи паркінің (бұдан әрі – Ұлттық парк) шекарасы бойындағы қорғау аймағы белгіленбегенін атап өткен жөн.

**Анықтама ретінде:** ұлттық парктер аумағындағы табиғат пайдаланудың мөлшері, шекаралары мен тәртібі облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының шешімдерімен белгіленеді (қорғау аймағының ені кемінде екі километрді құрауы тиіс – «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңның 18-бабының 2-тармағы).

Сонымен бірге Жоғарғы Соттың әкімшілік істер жөніндегі алқасының 2023 жылғы 31 мамырдағы қаулысымен («Жасыл құтқару» экологиялық қоғамының талап қоюы бойынша) қала әкімдігінің ұлттық парк шекарасы бойында күзет аймағын белгілеу жөніндегі әрекетсіздігі заңсыз деп танылды.

2023 жылғы 11 шілдеде прокуратура Алматы қаласының әкімдігіне сот шешімін орындау бойынша шаралар қабылдау туралы хат жіберді (сот актісі орындалу сатысында).

Осы бағыттағы жұмыс жалғасуда және тұрақты бақылауда.

Ұлттық парк маңындағы жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгертуге және учаскелерді рекреациялық аймаққа ауыстыруға мораторий жариялау мәселелері прокуратура органдарының құзыретіне кірмейтінін қосымша хабарлаймыз.

**Қазақстан Республикасы**  
**Бас Прокурорының м.а.**

**Т. Тәшімбаев**



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

20.07.2023 № 447

№

город Астана

Демалыс туралы және міндеттерді  
атқаруды жүктеу туралы

«Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 71-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына, 72-бабының 3-тармақшасына, 73-бабына, «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 9-бабының 15) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жыл үшін ақылы жыл сайынғы еңбек демалысына **2023 жылдың 24 шілдесі мен 6 тамызы аралығында** барамын.

2. Мен ақылы жыл сайынғы еңбек демалысында болған кезде Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқаруды Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары **Т.Ғ.Тәшімбаевқа** жүктеймін.

Қазақстан Республикасының  
Бас Прокуроры

**Б. Асыллов**

